

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 318 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 қыркүйекте № 2815 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қазандағы № 267 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 05.10.2017 № 267 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабының 2-тармағына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кентау қаласында барлық маршруттар үшін жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифі 40 теңге көлемде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Кентау қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қожағұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кентау қаласының әкімі

Ә.Мақұлбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Кентау қалалық

мәслихатының хатшысы К.Сырлыбаев

"26" маусым 2014 жыл